

"Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 73 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 25 қыркүйекте № 35110 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН

1. "Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21513 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада бекітілген Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне 1) және 2) тармақшаларда көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2024 жылғы 25 қыркүйектегі
№ 73 бұйрыққа
қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 23 қазандағы
№ ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығына
1-қосымша

Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдері, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 88-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікпен амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесі – белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттары бөлінісінде дәрілік заттардың, медициналық бұйымдар мен арнайы емдік өнімдердің атаулары мен сипаттамаларын қамтитын амбулаториялық жағдайларда медициналық-санитариялық алғашқы көмек және мамандандырылған медициналық көмек тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде бюджет қаражаты және (немесе) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен сатып алынатын дәрілік заттардың, медициналық бұйымдар мен арнайы емдік өнімдердің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе);

2) бейінді маман – жоғары медициналық білімі денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

3) дәрігер (бейінді маман) – жалпы практика дәрігері, педиатр-дәрігері, медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) медициналық ұйымының терапевт-дәрігері;

- 4) динамикалық байқау – пациенттің денсаулық жағдайын жүйелі түрде байқау, сондай-ақ осы байқау нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;
- 5) диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі – диспансерлік байқаудың барлық кезеңдерін автоматтандыруға оның ішінде созылмалы аурулармен ауыратын науқастарды дербестендірілген есепке алуға арналған Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесі;
- 6) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 7) клиникалық хаттама – пациенттің белгілі бір ауруы немесе жай-күйі кезіндегі профилактика, диагностика, емдеу, медициналық оңалту және паллиативтік медициналық көмек бойынша ғылыми дәлелденген ұсынымдар;
- 8) қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер – аурулар мен жарақаттардың диагностикасы, оларды емдеу, медициналық оңалту және олардың профилактикасы медицина қызметкерлерінің өзара, жеке тұлғалармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен қашықтықтан өзара іс-қимыл жасауын, көрсетілген адамдарды сәйкестендіруді, сондай-ақ олар жасайтын іс-әрекеттерді құжаттауды қамтамасыз ететін цифрлық технологиялар арқылы зерттеулер мен бағалауды жүргізу мақсатында медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну;
- 9) медициналық ақпараттық жүйе (бұдан әрі – МАЖ) – Денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;
- 10) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені;
- 11) мультипәндік топ – пациент организмiнiң функциялары мен құрылымдарының бұзылу сипатына, оның клиникалық жай-күйiнiң ауырлығына байланысты қалыптастырылатын әртүрлі мамандар тобы;
- 12) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) – бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі;
- 13) цифрлық денсаулық сақтау субъектісі – цифрлық денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыратын немесе қоғамдық қатынастарға түсетін жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар;

14) электрондық медициналық жазба (бұдан әрі – жазба) – медициналық көмек көрсетудің нақты жағдайына қатысты құрылымдалған дербес медициналық деректер жинағы.

3. Созылмалы аурулары бар адамдарды динамикалық байқау денсаулық сақтау субъектілеріне бекітілген жері бойынша меншік нысанына қарамастан, амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында аурулардың асқынуларын, өршулерін алдын алу, олардың профилактикасы және медициналық оңалтуды жүргізу мақсатында жүзеге асырылады.

4. Созылмалы аурулары бар адамдарды динамикалық байқауды МСАК мамандары және бейінді мамандар ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде Кодекстің 7-бабының 32) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес жүзеге асырады.

5. Динамикалық байқауға жататын созылмалы аурулары бар адамдар амбулаторлық дәрімен қамтамасыз ету (бұдан әрі – АДҚ) шеңберінде дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі.

6. Созылмалы аурулары бар адамдар МСАК дәрігерінің қорытындысы немесе бейінді маманның консультациялық қорытындысына (немесе стационарлық науқастың медициналық картасының үзінді көшірмесіне сәйкес) сәйкес мультипәндік топтың (бұдан әрі – МПТ) есебіне және одан әрі динамикалық байқауына жатады.

7. Денсаулық сақтау ұйымдарында динамикалық байқау көрсететін мамандар "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық), "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 болып тіркелген) сәйкес есепке алу мен есептік құжаттаманы жүргізеді.

8. МСАК дәрігері есепке қою алдында динамикалық байқауға жататын созылмалы аурулары бар алғаш рет анықталған адамдардың жай-күйін қарап-тексеруді және бағалауды жүргізеді.

9. Аурудың ауырлығына және ағымына байланысты созылмалы аурулары бар адамдарды динамикалық байқауды бейінді маман немесе МСАК дәрігері жүзеге асырады:

1) бейінді маманда – асқынулар және декомпенсация белгілері бар аурулардың өршуі болған кезде;

2) МСАК дәрігерінде – өтелетін жай-күй, түзетілетін асқынулар болған кезде.

10. МСАК дәрігерінің, бейінді маманның, орта медициналық қызметкерлерінің созылмалы аурулары бар адамдарды қарап-тексеру мерзімділігі, байқау мерзімдері, динамикалық байқау шеңберінде диагностикалық зерттеулердің ең төмен көлемі мен еселігі:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарында динамикалық байқауға жататын созылмалы аурулардың тізбесі бойынша;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес консультациялық-диагностикалық көмек (бұдан әрі – ҚДК) деңгейінде динамикалық байқауға жататын созылмалы аурулардың тізбесі бойынша;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде бейінді мамандардың байқауына жататын созылмалы аурулардың тізбесі бойынша жүзеге асырылады.

11. Амбулаториялық деңгейде денсаулық сақтау ұйымдарында динамикалық байқауды жүзеге асыру үшін МСАК дәрігерінің немесе бейінді маманның басшылығымен құрамында әртүрлі бейіндегі мамандар бар МПТ құрылады.

МПТ емдеу мен байқаудың одан әрі тактикасын анықтау мақсатында пациенттің созылмалы ауруының ауырлығын бағалайды.

12. МПТ құрамын денсаулық сақтау ұйымдарының бірінші басшылары бекітеді және созылмалы аурулары бар пациенттерге медициналық көмек көрсетудің кешенді және жеке тәсілдерін қамтамасыз ету үшін мынадай мамандарды қамтиды:

МСАК дәрігері;

пациенттің ауру сипатына байланысты бейінді мамандар;

мейіргерлер (учаскелік, кеңейтілген практика, жалпы практика);

психолог;

әлеуметтік жұмыскер.

13. МСАК дәрігерінің және/немесе бейінді маманның ұсынымы бойынша МПТ тоқсанына кемінде 1 рет өткізіледі және созылмалы аурудың асқынған және/немесе атипиялы ағымы бар пациенттерді байқау мен емдеудің одан әрі тактикасын айқындау үшін қарайды.

14. Көрсетілімдер (клиникалық көріністің нашарлауы, зертханалық көрсетілімдер бойынша теріс динамика, аспаптық зерттеулердегі өзгерістер) болған кезде динамикалық байқауға жататын созылмалы аурулары бар адамдарды зерттеп-қарау клиникалық хаттамаға сәйкес осы Қағидалардың 1, 2 және 3-қосымшаларында көрсетілген диагностикалық зерттеулердің ең төмен көлемі мен еселігінен жоғары жүргізіледі.

15. Созылмалы аурулары бар адамдарды динамикалық байқау пациенттің жай-күйін бағалау және қажетті түзету іс-шараларын жүргізу үшін алдын ала дайындалған зертханалық-диагностикалық көрсетілетін қызметтердің нәтижелерімен аурудың

ағымына қарамастан, бейінді маман, МСАК дәрігері, мейіргер пациентті қабылдауды ұйымдастыру арқылы жоспарлы (бұдан әрі – жоспарланған қабылдау) тәртіппен жүргізіледі.

16. Жоспарланған қабылдауды өткізу үшін кеңейтілген практика мейіргері, мамандандырылған және учаскелік мейіргер мыналарды жүзеге асырады:

- 1) пациенттерді қабылдауға жазу;
- 2) пациенттерді телефон байланысы, SMS-хабарлама арқылы хабардар ету және қоңырау шалу;
- 3) осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес зертханалық-диагностикалық көрсетілетін қызметтерді тағайындау арқылы пациентті жоспарланған қабылдауға дайындау;
- 4) пациенттің тағайындалған зертханалық-диагностикалық көрсетілетін қызметтерден өтуіне мониторинг жүргізу және олардың нәтижелерін түсіру;
- 5) зертханалық-диагностикалық көрсетілетін қызметтердің нәтижелерін бастапқы түсіндіру;
- 6) МСАК дәрігеріне немесе бейінді маманға зертханалық-диагностикалық көрсетілетін қызметтердің нәтижелерін ұсыну;

17. Жоспарланған қабылдауда кеңейтілген практика мейіргері, мамандандырылған және учаскелік мейіргер мыналарды жүзеге асырады:

- 1) құзыреті шегінде мейіргерлік зерттеп-қарау (субъективті зерттеп-қарау: пациенттің денсаулық жағдайы туралы ақпарат жинау, шағымдар, өмірбаяндық анамнезі, ауру анамнезі және әлеуметтік және психологиялық тәуекелдерді сәйкестендіру);
- 2) пациентті объективті қарап-тексеру (пульсті, артериялық қан қысымын, тыныс алу қозғалысының жиілігін, бойын, салмағын, бел шеңберін өлшеу, тактильді және ауырсыну сезімталдығын анықтай отырып, табанды қарап-тексеруді қоса алғанда, тері-беткейлерін және көрінетін шырышты қабықтарды қарап-тексеру);
- 3) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес мейіргерлік диагнозды белгілеу және мейіргерлік диагноздардың жіктелуіне сәйкес мейіргерлік араласуларды орындау;
- 4) МАЖ-ға жоспарланған қабылдау нәтижелерін енгізу;
- 5) консультациялық, зертханалық және диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін бағалау;
- 6) АДҚ курсын тағайындау туралы дәрігердің жазбасына сәйкес емдеуді жалғастыру үшін дәрілік препараттарға рецепт жазып беру;
- 7) пациент пен отбасы мүшелерін жалпы күтім емшараларына және ауруды басқаруға оқытуды ұйымдастыру және бақылау;
- 8) зертханалық-диагностикалық көрсетілетін қызметтердің нәтижелеріне сәйкес пациентте шағымдар, патологиялық өзгерістер болған кезде МСАК дәрігеріне, бейінді маманға жолдау;

9) әлеуметтік және психологиялық тәуекелдер анықталған жағдайда әлеуметтік қызметкерді және/немесе психологты қабылдауға жіберу.

18. Динамикалық байқау шеңберінде кеңейтілген практика мейіргері, мамандандырылған мейіргер және учаскелік мейіргер:

1) пациентке динамикалық байқау мен түзетудің жеке жоспарына сәйкес өзін-өзі бақылау күнделігін жүргізу жолын түсіндіреді;

2) пациенттің динамикалық байқау мен түзетудің жеке жоспарын орындауының мониторингін жүргізеді, қажет болған жағдайда пациентті жоспарлы қабылдауға шақырады.

19. Жоспарлы қабылдау кезінде МСАК дәрігері/бейінді маман мыналарды жүргізеді :

1) әлеуметтік және психологиялық тәуекелдерді сәйкестендіруді қоса алғанда, пациентпен сөйлеу және қарап-тексеру;

2) зертханалық диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін бағалау;

3) жаңадан алынған пациенттерге жеке жоспар құру;

4) дәрілік емес және дәрімен емдеудің жеке жоспарын түзету;

5) пациенттің өзін-өзі бақылау күнделігін зерделеу және талдау;

6) осы қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес зерттеп-қараудың төмен минималды көлемін тағайындау;

7) көрсетілімдер болған кезде, клиникалық хаттамаларға сәйкес қосымша зерттеп-қарау (осы Қағидаларға 14-тармаққа сәйкес);

8) аурудың асқыну немесе өршу белгілері анықталған, тәулік бойы медициналық байқауға және стационарлық жағдайда емдеуге көрсетілімдер болған жағдайда стационарды алмастыратын және (немесе) стационарлық емдеуге жіберу;

9) "Медициналық оңалтуды қамтамасыз етуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 65 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32263 болып тіркелген) сәйкес медициналық оңалтуға жолдама беру;

10) пациентке профилактика және саламатты өмір салты бойынша ұсынымдар беру;

11) "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру;

12) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

32922 болып тіркелген) медициналық-әлеуметтік сараптамаға (бұдан әрі – МӘС) жіберу үшін құжаттарды дайындау;

13) медициналық құжаттаманы МАЖ-да рәсімдеу. Техникалық мүмкіндіктер болмаған жағдайда кейіннен МАЖ-ға енгізе отырып, қағаз түрінде ресімделеді.

20. Әлеуметтік жұмыскер динамикалық байқау шеңберінде мыналарды қамтамасыз етеді:

1) пациенттің оның өмір сүру жағдайын, қаржылық жағдайын, денсаулық сақтау қызметтерге қолжетімділігін қоса алғанда, әлеуметтік мәртебесін бағалау;

2) пациенттерге үйде денсаулығына күтім көмек көрсету бағдарламалары және әлеуметтік қолдау сияқты әлеуметтік және медициналық көрсетілетін қызметтерге қол жеткізу бойынша қолдау көрсету;

3) пациентпен және МПТ мүшелерімен бірлесіп емдеу және оңалту жоспарын әзірлеу;

4) пациенттерге өз денсаулық жағдайын өзін-өзі басқаруға, оның ішінде туыстарымен жұмыс істеуге қолдау көрсету.

21. Психолог динамикалық байқау шеңберінде мыналарды жүзеге асырады:

1) пациенттердің психологиялық жай-күйін бағалау;

2) ауруына немесе емделуге байланысты қиындықтарға тап болған пациенттерге психологиялық қолдау көрсету және консультация беру, оның ішінде пациенттердің өзін-өзі басқаруға деген ұмтылысын арттыру;

3) пациенттердің саламатты мінез-құлыққа деген ұмтылысын тәрбиелеу;

4) пациенттерді емдеуге және оңалтуға кешенді тәсілді әзірлеу үшін МПТ шеңберінде мамандармен бірлесіп жұмыс істеу.

22. Созылмалы аурулары бар адамдарды динамикалық байқаудан шығару мына жағдайларда жүзеге асырылады:

1) осы қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес бақылау критерийлері мен мерзімдері бойынша жай-күйін қалпына келтіру/жақсарту;

2) МСАК ұйымына бекітілу орнын ауыстыру;

3) МАЖ-де тіркелген МСАК маманының белсенді шақыруымен пациенттің жоспарлы қабылдауға 2 жылдан астам уақыт ішінде келмеуі.

4) пациенттің қайтыс болуы.

23. Созылмалы аурулары бар адамдарға динамикалық байқау ауруларды басқару бағдарламасы (бұдан әрі – АББ) шеңберінде де жүргізіледі.

24. Динамикалық байқауға жататын созылмалы аурулары бар адамдар үш нозология : артериялық гипертензия, 2 типті қант диабеті, созылмалы жүрек функциясының жеткіліксіздігі бойынша АББ-ға қатысады.

25. АББ-ға қатысатын пациенттерді іріктеу өлшемшарттары мыналар болып табылады:

1) біріншілікті артериялық гипертензиясы бар пациенттер (асқынбаған);

2) 2 типті қант диабетімен ауыратын пациенттер (гликозилденген гемоглобин \leq 7,0%);

3) эхокардиография деректері бойынша шығару фракциясы 40%-дан аз немесе шығару фракциясы 40%-дан жоғары және сол жақ қарыншаның диастологиялық дисфункциясы бар NYHA бойынша II-IV класындағы созылмалы жүрек функциясының жеткіліксіздігі бар пациенттер;

4) скринингтік зерттеу кезінде анықталған қауіп факторлары бар пациенттер (дене салмағының индексі 30-дан жоғары, темекі шегу, ішімдікке салыну, ауыр тұқымқуалаушылық, артериялық қысымы тіркелген жоғары деңгейі).

26. Бірнеше аурулары бар пациенттер осы Қағидаларға 25-тармақта белгіленген іріктеу өлшемшарттарына сәйкес келген жағдайда АББ қатыса алады.

27. МАЖ-ға деректерді енгізу арқылы пациентті АББ-ға тіркеуді учаскелік мейіргер жүргізеді.

28. МСАК дәрігері және / немесе учаскелік мейіргер әрбір қабылдау кезінде объективті қарап-тексеру нәтижелерін, жалпы практика дәрігерінің, терапевттің, бейінді мамандардың консультацияларының күні мен қорытындысын, зерттеудің зертханалық және аспаптық әдістерінің нәтижелерін және АББ дәрі-дәрмектік терапиясын түзету туралы деректерді көрсететін клиникалық хаттамаларға сәйкес пациенттің негізгі деректерінің бақылау парағын (бұдан әрі – пациенттерді бақылау картасы) толтырады.

29. ПБК-ға пациент туралы мәліметтер, объективті қарап-тексеру деректері, зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерінің нәтижелері енгізіледі. Учаскелік мейіргер пациенттің ПБК жаңартылған ақпаратты АББ регистріне енгізеді.

30. МСАК дәрігері АББ пациенттері тіркелімінің деректері негізінде пациенттердің ағындарын клиникалық сипаттамаларына сәйкес пациенттің мәртебесін айқындайтын олардың клиникалық және мінез-құлықтың ерекшеліктеріне сәйкес мынадай топтарға бөле отырып тіркеліміне (бұдан әрі – сегменттеу) тоқсанына кемінде 1 рет жүргізеді.

1) оңтайлы аймақ (жасыл аймақ) – зертханалық зерттеулердің көрсетілімдері норманың жоғарғы шегінен жоғары емес белгіленген жағдайда;

2) субоптимальді (сары аймақ) – зертханалық зерттеулер көрсетілімдері норманың жоғарғы шегінен 20 %-дан асатын жағдайда;

3) нашар (қызыл) аймақ – клиникалық-зертханалық зерттеулердің көрсетілімдері норманың жоғарғы шегінен 20 %-дан асатын жағдайда;"

31. Сегментацияға сәйкес МСАК дәрігері осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес динамикалық байқаудың, зертханалық және аспаптық зерттеулердің, бейінді мамандарды қарап-тексерудің жиілігін айқындайды.

32. Динамикалық байқау:

1) учаскелік мейіргер пациент оңтайлы аймақта болған жағдайда, денсаулықтың қалыпты көрсеткіштерін сақтау үшін өзін-өзі басқаруды мониторингілеу және бақылау арқылы жоспарланған қоңырау шалу арқылы;

2) егер пациент оңтайлы емес аймақта болса, динамикалық байқауды МСАК дәрігері пациенттің денсаулық жай-күйі жақсарғанға дейін және клиникалық-зертханалық көрсетілімдер қалыпты деңгейге дейін жеткенше;

3) пациент нашар аймақта болған жағдайда динамикалық байқауды МСАК дәрігері бейінді маманмен және МПТ басқа мүшелерімен бірге пациенттің денсаулық жай-күйі жақсарғанға дейін және клиникалық-зертханалық көрсетілімдер қалыпты деңгейге дейін жеткенше жүргізіледі.

33. АББ шеңберінде созылмалы аурулары бар адамдарды динамикалық байқау кезінде МСАК дәрігері пациентпен бірлесіп қысқа мерзімге (2 аптадан аспайтын) физикалық жүктеме көлемі, тамақтану режимі, өмір салты, жаман әдеттерден бас тарту кіретін жеке іс-шаралар жоспарын жасайды.

34. МСАК ұйымы учаскесі шегінде АББ үйлестірушісі МСАК дәрігері болып табылады.

35. АББ шеңберінде МСАК дәрігері, бейінді маман, кеңейтілген практика мейіргері, учаскелік мейіргер және бейінді маман мейіргері осы Қағидаларға 16-тармаққа сәйкес жоспарлы қабылдауларды жүргізеді.

36. Сегменттеуге сәйкес АББ шеңберінде кеңейтілген практика мейіргері, бейінді және учаскелік мейіргер мыналарды жүзеге асырады:

1) АББ-ға қатысатын пациенттерді жоспарлы қабылдауды ұйымдастыру;

2) телефон немесе SMS арқылы қоңырау шалу және жоспарланған кездесудің күні мен уақыты туралы хабарлау;

3) пациентті осы қағидалардың 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес жоспарланған қабылдауға дайындау;

4) пациенттің тағайындалған зертханалық-диагностикалық қызметтерді орындауын бақылау және олардың нәтижелерін жүктеу;

5) пациенттің денсаулығының жай-күйі, шағымдары, өмірбаяндық анамнезі және ауру анамнезі туралы ақпаратты жинау;

6) пациентті қарап-тексеру (оның ішінде пульсті, артериялық қан қысымын, тыныс алу жиілігін, бойын, салмағын, бел шеңберін өлшеу, терісі мен көрінетін шырышты қабаттарын қарап-тексеру);

7) ҚД ауыратын пациенттердің тактильді және ауырсыну сезімталдығын анықтай отырып, аяқтарды қарап-тексеру;

8) созылмалы жүрек функциясының жеткіліксіздігі бар пациенттерде 6 минуттық жүру бойынша тест жүргізу;

9) мейіргерлік зерттеулердің сыныптауышына сәйкес мейіргерлік диагнозды белгілеу;

- 10) белгіленген мейіргерлік диагноз бойынша мейіргерлік араласуларды жүргізу;
- 11) мотивациялық консультация беру;
- 12) пациенттермен кері байланыс жүргізу;
- 13) АББ тіркеліміне және МАЖ-ға қабылдау нәтижелерін толтыру.

37. МСАК дәрігері АББ шеңберінде сегментацияға сәйкес:

- 1) пациентті қарап-тексеру және сауал жүргізу;
- 2) диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін бағалауды;
- 3) пациентті өзін-өзі басқаруға үйретуді;
- 4) қысқаша жеке іс-шаралар жоспарын құрастыру, түзету және орындалуын бағалауды;
- 5) мотивациялық консультация беруді;
- 6) МПТ құрамында өткізілетін іс-шаралардың тиімділігін бағалауды жүзеге асырады.

38. Бейінді маман жеке зерттеп-қарау және емдеу жоспарын түзетуді жүзеге асырады.

39. АББ шеңберінде әлеуметтік жұмыскер мыналарды жүзеге асырады:

- 1) пациенттің әлеуметтік мәртебесіне, оның ішінде оның өмір сүру жағдайын, қаржылық жағдайын, денсаулық сақтау қызметтерін қолжетімділігін бағалау;
- 2) пациенттерге үйде медициналық көмек көрсету бағдарламалары және әлеуметтік қолдау сияқты әлеуметтік және медициналық көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуде қолдау көрсету;
- 3) пациентпен және МПТ мүшелерімен бірлесіп емдеу және оңалту жоспарын жасау ;
- 4) қоңырау шалу арқылы қабылдауға шақыру мен ұйымдастыру;
- 5) пациенттерге өз денсаулық жағдайын өзін-өзі басқару, оның ішінде туыстарымен жұмыс істеуге қолдау көрсету.

40. АББ шеңберінде психолог мыналарды жүзеге асырады:

- 1) пациенттердің психологиялық жай-күйіне бағалау;
- 2) ауруына немесе емделуге байланысты қиындықтарға тап болған пациенттерге психологиялық қолдау көрсету және консультация беру, оның ішінде пациенттердің өзін-өзі басқаруға деген ұмтылысын арттыру;
- 3) пациенттердің Денсаулық мектебінің іс-шараларына қатысуға деген ұмтылысын қалыптастыру;
- 4) пациенттерді емдеуге және оңалтуға кешенді тәсілді әзірлеу үшін МПТ мамандармен бірлесіп жұмыс істеу.

41. Пациенттің АББ-ға қатысуы өзін-өзі басқаруды, мотивациялық консультацияны пайдалана отырып, оның ішінде пациенттің бас тартуы кезінде ауруларды басқаруға (АББ тіркеліміне сәйкес нысаналы мәндерге қол жеткізуге) мүмкіндік бермейтін асқынулар дамыған кезде тоқтатылады.

Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдері, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларына
1-қосымша

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарында динамикалық байқауға жататын созылмалы аурулардың тізбесі

Р/с №	Нозологиялық АХЖ коды	Тексеру мерзімділігі			Зертханалық және диагностикалық зерттеулер минимумы		Байқау мерзімі
		ОМҚ қарап-тексеру	МСАК дәрігерінің қарап-тексеруі	Бейінді мамандардың қарап-тексеруі	зерттеу	еселігі	
1	2	3	4	5	6	7	8
Инфекциялық және паразиттік аурулар							
					қан сарысуындағы аланинаминотрансферазаны (ALaT) анықтау	жылына 1 рет	
					қан сарысуындағы аспартатаминотрансферазаны (ASaT) анықтау	жылына 1 рет	
					қан сарысуындағы фракциялар бойынша жалпы билирубинді анықтау	жылына 1 рет	
					қан сарысуындағы		

1	Созылмалы вирусты гепатит В (В18, оның ішінде В18.0, В18.1. В18.2, В18.8), С және Д, бауыр циррозы жок	жылына 1 рет	жылына 1 рет	Жылына 2 рет гастр оэнте ролог және/ немесе инфек циони ст	креатининді анықтау	жылына 1 рет	созылмалы вирусты гепатит В, С (фиброз F2 сатысы) және D бар өмір бойы; созылмалы вирусты гепатит С (фиброз сатысы F1- ден төмен) үшін вирус жойылғаннан кейін тіркеуден шығару
					қан сарысуындағы АФП анықтау	жылына 1 рет	
					Қан сарысуындағы халықаралық нормаланған қатынас (INR).	жылына 1 рет	
					В вирустық гепатиті үшін: В вирустық гепатитіне полимеразды тізбекті реакция (HBV-ДНҚ) сандық	жылына 1 рет	
					В гепатиті үшін – HbsAg үшін сандық ИФА	жылына 1 рет	
					Вирусты гепатит В үшін: гепатит D үшін ИФА	жылына 1 рет	
					D вирустық гепатиті үшін: D гепатиті үшін сапалы ПТР	жылына 1 рет	
					Вирусты гепатит С үшін: С гепатитіне сапалы ПТР	ПТР сапалық : 1) ПВТ алдында 2) ПВТ кейін ; ПТР сандық: 3) ПВТ кейін 6 айдан кейін (есептен шығару туралы мәселе шешімі) ПВТ сәтсіз	

					болса, 1 рет бақылау 12 айда		
				Вирусты гепатит С үшін, генотип бойынша ПТР	Вирусқа қарсы терапия алдында		
				Ішперде ағзаларының УДЗ	жылына 1 рет		
				Бауырдың жанама эластографиясы (фиброскан).	жылына 1 рет		
Қанайналым жүйесінің аурулары							
2	Артериялық гипертензия:				қан сарысуындағы төмен тығыздықты липопротеидтерді анықтау	жылына 1 рет	өмір бойы
	2.1. Эссенциалды (бастапқы) гипертензия, I10;				Зәрдегі креатининді анықтау	жылына 1 рет	
	2.2. Гипертониялық жүрек ауруы (ең алдымен жүрекке әсер ететін гипертония), I11;	орташа және төмен қауіп бар пациенттер үшін 3 айда 1 рет, жоғары және өте жоғары қауіп бар және	орташа және төмен қауіп бар пациенттер үшін 6 айда 1 рет, жоғары және өте жоғары қауіп бар және	Жылына бір рет кардиолог	Зәрдегі микроальбуминді анықтау	жылына 1 рет	
	2.3. Бүйректің зақымдалуы басым болатын гипертониял	төмен бейімділігі төмен	төмен бейімділігі төмен		Ашып жазумен 12 жалғамдағы электрокардиография	жылына 1 рет	
			Қан қысымын тәуліктік мониторинг еу (24 сағат)		2 жылда 1 рет		

<p>ы қ (адамдар гипертониял үшін айына 1 ық) ауру, I12 рет. ;</p> <p>2.4. Жүректің және бүйректің зақымдалуы басым болатын гипертониял ы қ (адамдар гипертониял үшін айына 1 ық) ауру, I13 рет. ;</p> <p>2.5. Екіншілік гипертензия, I15</p>		адамдар үшін 3 айда 1 рет		Эхокардиография	жылына 1 рет	
<p>Жүрек ишемиясы:</p> <p>3.1. Тұрақсыз стенокардия, I20.0**;</p> <p>3.2. стенокардияның басқа түрлері, I20.8;</p> <p>3.3. Жүректің созылмалы ишемиялық ауруы, I25</p>	жылына 2 рет	жылына 2 рет	жылына бір рет кардиолог	<p>Қ а н сарысуындағы төмен тығыздықты липопротеидтерді анықтау</p> <p>Зәрдегі креатининді анықтау</p> <p>Зәрдегі микроальбуминді анықтау</p> <p>Эхокардиография</p> <p>Электрокардиограмманың холтерлік мониторингеуі (24 сағат)</p> <p>Тредмил тест</p>	<p>6 айда бір рет</p> <p>жылына 1 рет</p> <p>жылына 1 рет</p> <p>жылына 1 рет</p> <p>2 жылда 1 рет</p> <p>2 жылда 1 рет</p>	өмір бойы
				Қ а н сарысуындағы халықаралық	Мақсатқа жеткенше аптасына бір рет, содан	

3.4. Жүрек функциясын ыңжеткіліксіздігі, I 50;	3 айда 1 рет	3 айда 1 рет	ай сайын кардиолог	нормаланған қатынас (ХНҚ).	кейін айына бір рет;	Өмір бойы
				қан сарысуындағы креатининді анықтау	алғашқы 3 айда - ай сайын, содан кейін 3 айда бір рет;	
				Қан сарысуындағы ТТЛП анықтау	алғашқы 3 айда - ай сайын, содан кейін 3 айда бір рет;	
				Тромбоциттер саны, қан кету ұзақтығы, қан ұюы бар жалпы қан талдауы 6 параметр;	жылына 2 рет	
				Зәрдегі креатининді анықтау	жылына 1 рет	
				Зәрдегі микроальбуминді анықтау	жылына 1 рет	
				Эхокардиография	алғашқы 3 айда - ай сайын, содан кейін 6 айда бір рет;	
				Ашып жазумен 12 жалғамдағы электрокардиография	Бірінші жылы жылына 2 рет, жылына 1 рет	
				Кеуде қуысы ағзаларының рентгенографиясы	Бірінші жылы жылына бір рет	
				Қан сарысуындағы халықаралық нормаланған қатынас (ХНҚ)	Мақсатқа жеткенше аптасына бір рет, содан кейін айына бір рет;	
Биохимиялық қан талдауы: қан	алғашқы 3 айда - ай					

	<p>3.5. Жүрек функциясының жеткіліксіздігі, I 50 Механикалық құрылғының имплантациялаудан кейінгі жай-күйі, Z 95.8</p>	3 айда 1 рет	3 айда 1 рет	ай сайын кардиолог	сарысуындағы креатининді анықтау	сайын, содан кейін 3 айда бір рет;	позитивно		
					Қан сарысуындағы ТТЛП анықтау	алғашқы 3 айда - ай сайын, содан кейін 3 айда бір рет;			
					Тромбоциттер саны, қан кету ұзақтығы, қан ұюы бар жалпы қан талдауы 6 параметр;	жылына 2 рет			
					Эхокардиография	алғашқы 3 айда - ай сайын, содан кейін 6 айда бір рет;			
					Ашып жазумен 12 жалғамдағы электрокардиография	Бірінші жылы жылына 2 рет, жылына 1 рет			
					Кеуде қуысы мүшелерінің рентгені	Жылына 1 рет, содан кейін МПТ шешімі бойынша			
					Брахиоцефалиялық магистральдың ДГУБ	Z95.8 - бірінші жылы 1 рет, одан кейін МДҰ шешімі бойынша			
	Брахиоцефалиялық артериялардың экстракраниальды аурулары:								
	4.1. Цереброваскулярлық аурулар, I65-I69***								

4.2. Церебральды инфарктқа әкелмейтін прецебральды артериялардың бітелуі және стенозы, I65					
4.3. Церебральды инфарктқа әкелмейтін ми артерияларының бітелуі және стенозы, I66	-	жылына 2 рет	жылына бір рет ангиохирург, невролог	Брахиоцефалиялық магистральдың ультрадыбыстық доплерографиясы	жылына 2 рет Өмір бойы
4.4. Басқа цереброваскулярлық аурулар, I67					
4.5. Басқа жерде жіктелген ауруларда ми тамырларының зақымдануы, I68					
4.6. Цереброваскулярлық аурулардың салдары, I69					
4.7. Жоғарғы аяқ-қол артериясының эмболиясы және тромбозы, I74.2					
4.8. Басқа жерде жіктелген аурулардағы аорит, I79.1					
4.9. Субарахноидальды қан				Жалпы қан талдауы 6 параметр	жылына 2 рет

<p>кету, I 60 миішілік қан құйылу, I 61 Басқа травматикалық емес бассүйекшілік қан құйылу, I 62 Ишемиялық инсульт, I 63 Қан құйылу немесе инфаркт ретінде анықталмаған инсульт, I 64</p>		<p>жылына 2 рет</p>	<p>жылына 1 рет нейрохирург, невролог</p>	<p>Қан сарысуындағы халықаралық нормаланған қатынас (ХНҚ) Биохимиялық қан талдауы: қан сарысуындағы төмен тығыздықты липопротеидтерді анықтау</p>	<p>жылына 2 рет жылына 1 рет</p>	<p>Өмір бойы</p>
<p>Жүрек қақпақшаларының зақымдануы: 5.1. Созылмалы ревматикалық жүрек ауруы, I05-I09 Митральды қақпақшаның ревматикалық аурулары, I05 Қолқа қақпашасының ревматикалық аурулары, I06 Үш жармалы қақпақшаның ревматикалық аурулары, I07 Көптеген қақпақшалардың зақымдануы, I08</p>						

5	Басқа ревматикалық жүрек аурулары, I09	жылына 2 рет	жылына 1 рет	жылына 1 рет кардиолог	Ашып жазуымен 12 жалғамдағы электрокардиография	жылына 1 рет	Өмір бойы
	5.2. Жүрек қақпақшасының ревматикалық емес зақымдануы, I34-I39						
	Митральды қақпақшаның ревматикалық емес ауруы, I34						
	Қолқа қақпақшасының ревматикалық емес зақымдануы, I35						
	Үш жармалы қақпақшаның ревматикалық емес зақымдануы, I36						
	Өкпе қақпақшасы ауруы, I37						
	Эндокардит, қақпақшаны анықталмаған, I38						
	Эндокардит және басқа аяқтарда жіктелген аурулар кезіндегі жүрек қақпақшаларының зақымдануы, I39						
					Ашып жазуымен 12		

6	Аритмиялар I 4 7, Жүрекшелердің фибрилляциясы және лүпілдеуі, I48	жылына 2 рет	жылына 2 рет	жылына 1 рет кардиолог	жалғамдағы электрокардиография	жылына 1 рет	Өмір бойы
					Брахиоцефалиялық діңнің УДДГ	жылына 1 рет	
					Электрокардиограмманы холтерлік бақылау (24 сағат)	жылына 1 рет	

Қан және қан түзуші ағзаларының аурулары

7	Тұқым қуалайтын VIII факторының тапшылығы (D66);	жылына 2 рет	жылына 1 рет	жылына 1 рет гематолог	Жалпы қан талдауы 34 параметр	жылына 1 рет	Өмір бойы
	Тұқым қуалайтын IX факторының тапшылығы, (D67)						
	Виллебранд ауруы (D68.0)						
	Басқа ұю факторларының тұқым қуалайтын тапшылығы (D68.2)						

Тыныс алу ағзаларының аурулары

8	Төменгі тыныс жолдарының созылмалы аурулары:						
	8.1. Басқа созылмалы обструктивті өкпе аурулары, J44	6 айда бір рет (А, В түрі, жеңіл, орташа), 3 айда бір рет (С, D түрі, ауыр және өте ауыр)	Жылына 1 рет (А, В түрі, жеңіл, орташа); 6 айда бір рет (С, D түрі, ауыр және өте ауыр)	Пульмонолог жылына бір рет (А, В түрі, жеңіл, орташа); 6 айда бір рет (С, D түрі, ауыр және өте ауыр)	Спирография	жылына 1 рет	Өмір бойы
		жылына 1 рет (жеңіл), 6 айда 1 рет (жылына бір рет (жеңіл), 6 айда бір		Пульсоксиметрия	Өр қабылдауда	

	8.2. Демікпе, J45	орташа), 3 айда 1 рет (ауыр)	рет (орташа және ауыр)	жылына 1 рет пульмонолог	Спирография	жылына 2 рет	Өмір бойы
Асқорыту аурулары							
9	Жоғарғы асқазан-ішек жолдарының аурулары:						
	9.1. Эзофагитпен гастроэзофагеальды рефлюкс, K21.0	жылына 4 рет	жылына 1 рет	жылына 1 рет гастроэнтеролог	3-күрделілік санатындағы операциялық биопсиялық материалдың 1 блок препаратын гистологиялық зерттеу	жылына 1 рет	3 жыл ішінде аурудың клиникалық - аспаптық белгілері болмаған жағдайда есептен шығару
	9.2. Асқазанның және ұлтабардың ойықжарасы, K25-K27		жылына 1 рет				
	Асқазан ойықжарасы, K25		жылына 2 рет				
	Ұлтабардың ойықжарасы, K26		жылына 2 рет				
	Орналасқан жері анықталмаған пептикалық ойықжарасы, K27		жылына 1 рет				
	9.3. Созылмалы атрофиялық гастрит, K29.4		жылына 1 рет				
	9.4. Асқазан полиптері (полипозы). K31.7						
	9.5. Өңештің басқа аурулары, K22		жылына 1 рет				

10	Инфекциялық емес энтерит және колит:	жылына 2 рет	жылына 1 рет	жылына 1 рет гастроэнтеролог	ың 1 блок препаратын гистологиялық зерттеумен эзофагогастродуоденоскопия	жылына 1 рет	Өмір бойы
	10.1. Кронауруы (аймақтық энтерит), K50				3-күрделілік санатындағы операциялық биопсиялық материалының 1 блоктық препаратын гистологиялық зерттеумен колоноскопия	жылына 1 рет	
	10.2. Ойықжаралы колит, K51						
	10.3. Басқа инфекциялық емес гастроэнтерит және колит, K52						
	Бауыр циррозы, K70- K76				жалпы қан талдауы тромбоциттермен 34 параметр		
	Бауырдың токсикалық зақымдануы, K71				қан сарысуындағы аланинаминотрансферазаны (ALaT) анықтау	Чайлд-Пью бойынша А класы	
	Басқа айдарларда жіктелмеген бауыр жеткіліксіздігі, K72				Қан сарысуындағы аспартатаминотрансферазаны (ASaT) анықтау	бауыр циррозы – 6 айда бір рет. Чайлд-Пью бойынша В және С класы	
					Қан сарысуындағы билирубинді анықтау		
					Қан сарысуындағы креатининді анықтау		

11	Басқа айдарларда жіктелмеген созылмалы гепатит, K73	3 айда бір рет	жылына 1 рет	Қан сарысуындағы альбуминді анықтау	3 айда бір рет.	Өмір бойы
				Қан сарысуындағы натрийді анықтау		
				Қан сарысуындағы калийді анықтау		
				Қан сарысуындағы альфа-фетопротеинді (АФП) анықтау	жылына 1 рет	
				Қан сарысуындағы халықаралық нормаланған қатынас (ХНҚ).	жылына 1 рет	
				ГГТП үшін қан сынағы	6 айда бір рет ПБХ, билиарлы цирроз	
				Ішперде ағзаларының УДЗ	жылына 1 рет	
				Эзофагогастродуоденоскопия (қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда)	жылына 1 рет	
				Бауырдың жанама импульстік эластометриясы	жылына 1 рет	
	Фиброзы және бауыр циррозы, K74					

	Бауырдың басқа қабыну аурулары, К75				Анықталмаған түзілімдері, диспластикалық түйіндері бар бауыр циррозы үшін: Контрасты бар ішперденің компьютерлік томографиясы.	жылына 1 рет	
	Бауырдың басқа аурулары, К76				Бауырдың УДЗ		
Тірек-қимыл аппаратының және дәнекер тінінің аурулары							
12	Артропатия, дорсопатия:	жылына 2 рет	жылына 1 рет	жылына 1 рет ревматолог, офтальмолог	Жалпы қан талдауы 6 параметр	жылына 1 рет	Өмір бойы
	12.1. Реактивті артропатия (M02)				Қан сарысуындағы "С" реактивті ақуызды (CРА) анықтау	жылына 1 рет	
	12.2. Ревматоидты артрит, M 05 ; M 06						
	12.3. Псориаликалық артропатия, M 07.3						
	12.4. Анкилозды спондилит, M45						
	12.5. Жасөспірімдік (ювеналды) артрит, M08						
	Дәнекер тінінің				Қан сарысуындағы		

13	жүйелі зақымдануы:	жылына 2 рет	жылына 2 рет	жылына 2 рет ревматолог	ы креатининді анықтау	жылына 1 рет	Өмір бойы
	13.1. Түйінді полиартерит, М30				жалпы қан талдауы 6 параметр	жылына 1 рет	
	13.2. Басқа некротикалық васкулопатиялар, М31				Жалпы клиникалық зәр талдауы (жалпы зәр талдауы)	жылына 1 рет	
	13.3. Жүйелі қызыл жегі, М32-М32.9						
	13.4. Дерматополимиозит, М33-М33.9				қан сарысуындағы жартылай сандық/сапалық "С" реактивті ақуызды (СРА) анықтау	жылына 1 рет	
	13.5. Жүйелік склероз (жүйелі склеродерма), М.34-М34.9						
	13.6. Дәнекертіннің басқа жүйелі зақымданулары. М35						
Эндокриндік жүйенің аурулары, тамақтану және зат алмасу бұзылулары							
	Балалардағы 1 типті қант диабеті Е 10	жылына 1 рет	жылына 1 рет	жылына 1 рет эндокринолог	Биохимиялық қан талдауы: қан сарысуындағы гликирленген гемоглобинді анықтау	жылына 2 рет	Өмір бойы
					қан сарысуындағы шумақтық фильтрация жылдамдығын (ШФЖ) есептеу арқылы қан креатининін анықтау	жылына 2 рет	

14					қан сарысуындағы ТТЛП деңгейін анықтау	жылына 2 рет	
					Зәрдегі креатининді анықтау	жылына 1 рет	
					Зәрдегі микроальбуминді анықтау	жылына 1 рет	
					Офтальмоскопия	жылына 1 рет	
	Ересектердегі 1 типті қант диабеті E 10	жылына 1 рет	жылына 1 рет	жылына 1 рет эндокринолог	Биохимиялық қан талдауы: қан сарысуындағы гликирленген гемоглобинді анықтау	жылына 2 рет	Өмір бойы
					қан сарысуындағы шумақтық фильтрация жылдамдығын (ШФЖ) есептеу арқылы қан креатининін анықтау	жылына 2 рет	
					қан сарысуындағы ТТЛП деңгейін анықтау	жылына 2 рет	
					Зәрдегі креатининді анықтау	жылына 1 рет	
					Зәрдегі микроальбуминді анықтау	жылына 1 рет	
					Офтальмоскопия	жылына 1 рет	
				Биохимиялық қан талдауы: қандағы			

	Қант диабеті E11-E11.9	жылына 1 рет	жылына 1 рет	жылына 1 р е т эндокринолог	гликирленген гемоглобинді, қандағы креатининді шумақтық фльтрация жылдамдығы н (ШФЖ) есептеу арқылы анықтау, қан сарысуындағы ТТЛП деңгейін анықтау	жылы на 1 рет	Өмір бойы
	Қалқанша безінің аурулары:						
	I 5 . 1 . Диффузды токсикалық з о б . Тиреотоксик оз, E05-E05.9				И Ф Т әдісімен қан сарысуындағы қалқанша безді ынталандыра т ы н гормонды (Т Т Г) анықтау	жылы на 1 рет	
					қ а н сарысуындағы б о с трийодтирон инді (Т3) И Ф Т әдісімен анықтау	жылы на 1 рет	

15	15.2. Гипотиреоз, E02	жылына 2 рет	жылына 1 рет	жылына 1 рет эндокринолог	қан сарысуындағ ы бос тироксинді (T4) ИФТ әдісімен анықтау	ЖЫЛЫ	Өмір бойы
----	-----------------------------	-----------------	--------------	---------------------------------	---	------	-----------

						на 1 рет	
Нерв жүйесінің аурулары							
16	Эпилепсия, G 40 (басқа G40.4)		жылына 1 рет	жылына 1 рет невролог	Электроэнцефалография	жылына 1 рет	Өмір бойы
16.1	Жалпыланған эпилепсия және эпилепсиялық синдромның басқа түрлері (G40.4)		жылына 1 рет	жылына 2 рет невролог	Жалпы қан талдауы 34 параметр	жылына 2 рет	Өмір бойы
					Электроэнцефалография	жылына 1 рет	
17	Балалардағы церебральды сал ауруы, G 80	жылына 4 рет	жылына 2 рет	жылына 1 рет невролог	GMFCS шкаласы – БЦС бар балалардың қимыл қозғалыс мүмкіндіктерін анықтау	жылына 2 рет	Өмір бойы
					Бартелдің күнделікті өмір сүру индексінің белсенділігі	жылына 2 рет	
Несеп-жыныс жүйесінің аурулары							
	Гломерулярлық аурулар:						
	18.1. Сوزылмалы нефриттік синдром, N03				қан сарысуындағы шумақтық фильтрация жылдамдығын (ШФЖ) есептеу арқылы қан креатининін анықтау	жылына 1 рет	Өмір бойы
	18.2. Нефротикал	жылына 2 рет	жылына 2 рет	жылына 1 рет нефролог	қан сарысуындағы ШФЖ жалпы ақуызды анықтау арқылы креатининді анықтау	жылына 2 рет	
					қан сарысуындағы		

18	ық синдром, N04				ы жалпы ақуызды анықтау	жылы на 2 рет	
					Зәрдегі креатининді анықтау	жылы на 2 рет	
					Зәрдегі микроальбуминді анықтау	жылы на 2 рет	
	Созылмалы бүйрек функциясының жеткіліксіздігі (N18), Бүйрек функциясының жеткіліксіздігінің соңғы сатысы (N18.0)	жылына 2 рет	жылына 1 рет	жылына 2 рет нефролог	Жалпы қан талдауы 6 параметр	жылы на 2 рет	Өмір бойы
	Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігінің басқа көріністері (N18.8)				Жалпы клиникалық зәрді зерттеу (ЖКЗЗ)	жылы на 2 рет	
					Биохимиялық қан сынағы : қан сарысуындағы креатининді Ш Ф Ж анықтаумен анықтау	жылы на 2 рет	
19	Созылмалы интерстициалды нефрит, N11	жылына 4 рет	жылына 2 рет	жылына 1 рет нефролог	Жалпы клиникалық зәрді зерттеу (ЖКЗЗ)	жылы на 1 рет	3 жыл бойы қайталанбаған
20	Қуықасты безінің гиперплазиясы, N40	жылына 2 рет	жылына 1 рет		Қан сарысуындағы жалпы простата-спецификалық антигенді (ПСА) иммунохимиялық люминесценция әдісімен анықтау	жылы на 1 рет	3 жыл бойы қайталанбаған

21	Сүт безінің қатерсіз дисплазиясы, N60	жылына 2 рет	жылына 1 рет		Маммография (4 сурет),	жылына 1 рет	3 жыл бойы қайталанбаған
					Сүт бездерінің ультрадыбыстық зерттеуі	жылына 1 рет	
22	Әйел жыныс мүшелерінің қабынбаған аурулары:						
	22.1. Эндометриоз, N80				онкоцитологияға жағынды алу	жылына 1 рет	
	22.2. Әйел жыныс мүшелерінің полипі, N84						
	22.3. Эндометридің безді гиперплазиясы, N85.0						
	22.4. Эндометридің аденоматоздық гиперплазиясы, N85.1	жылына 2 рет	жылына 1 рет	жылына 1 рет гинеколог	Гинекологиялық УДЗ (трансвагинальды / транабдоминальды)	жылына 1 рет	Емдеуден кейін 1 жыл
	22.5. Жатыр мойнының эрозиясы және эктропиясы, N86						
	22.6. Жатыр мойнының лейкоплакиясы, N88.0						
	Аналық бездің қатерсіз ісігі, D27	6 айда бір рет	жылына 1 рет	жылына 1 рет гинеколог	кіші жамбас ағзаларының ультрадыбыстық зерттеуі	жылына 1 рет	3 жыл бойы қайталанбаған
Перинаталды кезеңде туындайтын белгілі бір жағдайлар							
					кеуде қуысының және		

23	Бронх өкпенің перинаталдық кезеңде пайда болған дисплазиясы, P27.1	1 жылға дейін айына бір рет, содан кейін 6 айда бір рет	жеңіл дәрежеде, 6 айда 1 рет, 1 жылға дейін, содан кейін, қажет болған жағдайда, орташа және ауыр дәрежеде, 3 айда 1 рет, 1 жылға дейін, содан кейін 3 жылға дейін, 6 айда бір рет, содан кейін жылына 1 рет	жылына бір рет балалар пульмонологы	ортастинаның компьютерлік томографиясы	Жылына бір рет 3 жыл	3 жыл, көрсеткіштерге сәйкес
					эхокардиография	Жылына бір рет 3 жыл	сұлғаюы мүмкін

Туа біткен ауытқулар (даму кемістігі), деформациялар және хромосомалық бұзылулар (балалар)

24	<p>Операциядан кейінгі кезеңде туа біткен жүрек кемістігі:</p> <p>24.1. Жүрек камералары мен қосылыстарының туа біткен ауытқулары (даму кемістігі), Q20</p> <p>24.2. Жүрек пердесінің туа біткен ауытқулары (ақаулары), Q21</p> <p>24.3. Өкпе және үш жармалы қақпақшалардың туа біткен ауытқулары (даму кемістігі), Q22</p> <p>24.4. Қолқа және қос жармалы қақпақшалардың туа біткен ауытқулары (</p>	Айына 1 рет	3 айда 1 рет	Бақылаудың бірінші жылында балалар кардиологы 3 айда 1 рет, содан кейін көрсетілгендей	эхокардиография	Бақылаудың 1 жылы 3 айда 1 рет, содан кейін 6 айда 1 рет	2 жыл, бірақ өкпе гипертензиясы, қалдық шунт және клапан жеткіліксіздігі сақта
----	---	-------------	--------------	--	-----------------	--	--

	<p>даму кемістігі), Q23</p> <p>24.5. Жүректің басқа да туа біткен ауытқулар (даму кемістігі), Q24</p> <p>24.6. Ірі артериялардың туа біткен ауытқулар (даму кемістігі), Q25</p>					<p>лса - өмір бойы</p> <p>Бақылаудың 1 жылы 3 айда 1 рет, содан кейін 6 айда 1 рет</p>	
25	<p>Туа біткен кемістіктер:</p> <p>25.1. Өңештің туа біткен кемістіктері, Q39</p> <p>25.2. Туа біткен диафрагмалық жарық, Q79</p> <p>25.3. Аноректалды ақаулар, Q42</p>	<p>1-6 айға, айына 1 рет. Содан кейін бір жылға дейін, 3 айда бір рет. Өмірдің 2-ші жылынан бастап 6 айда бір рет</p>	<p>өмірінің 1-ші жылында 3 айда 1 рет; өмірдің 2-ші жылынан бастап - 6 айда бір рет</p>	<p>жылына бір рет балалар хирургы</p>	<p>электрокардиографиялық зерттеу (12 жетекші)</p> <p>25.1. Q39 үшін эзофагогастродуоденоскопия</p> <p>25.2. Q79 бар кеуде қуысының рентгенографиясы</p> <p>25.3. Q42 кезінде неонанустың диагностикалық калибрлеу бугиенасы (көрсеткіштерге сәйкес)</p>	<p>жылына 1 рет</p> <p>жылына 1 рет</p> <p>жылына 1 рет</p> <p>көрсеткіштері бойына</p>	<p>өмірдің 3 жылға дейін бақылау</p>

					Контрастылы жамбасы мүшелерінің компьютерлік томографиясы	көрсеткіштері бойынша
--	--	--	--	--	---	-----------------------

Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдері, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларына
2-қосымша

Консультациялық-диагностикалық көмек деңгейінде динамикалық байқауға жататын созылмалы аурулардың тізбесі

Р/с №	Аурулардың атауы	Қарап-тексеру мерзімділігі			Зертханалық және диагностикалық зерттеулер минимумы		Байқау кезеңі
		О М Қ қарау-тексеруі	МСА К дәрігерінің қарап-тексеруі	Бейінді мамандардың қарап-тексеруі	зерттеу	еселігі	
1	Туберкулез (А15 - А19)	жылына 1 рет	жылына 1 рет	фтизиатрдың қарап-тексеруі 6 айда бір рет	Кеуде қуысы ағзаларының рентгенографиясы (1 проекция)	6 айда бір рет	2 года
2	Адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) тудыратын ауру (В20-В24)	жылына 1 рет	жылына 1 рет	6 айда бір рет инфекцияның қарап-тексеруі	Гепатобилио панкреатикалық аймақтың УДЗ, кеуде қуысының рентгенографиясы	жылына 1 рет	Өмір бойы
					Жалпы қан талдауы 34 параметр	жылына 1 рет	
					Жалпы клиникалық зәрді зерттеу (ЖКЗЗ)	жылына 1 рет	

3	Қатерлі және қатерсіз ісіктер (C00-97; D00-09; D37-48, C81-96 қоспағанда)	жылына 1 рет	жылына 1 рет	1-2 жыл - 3 айда 1 рет, 3-5 жылда - 6 айда 1 рет, кейін жылына 1 рет онкологпен	қан сарысуындағы глюкозаны анықтау	жылына 1 рет	Өмір бойы
					қан сарысуындағы тікелей билирубинді анықтау	жылына 1 рет	
					қан сарысуындағы жалпы билирубинді анықтау	жылына 1 рет	
					қан сарысуындағы аланинаминотрансферазаны анықтау	жылына 1 рет	
					қан сарысуындағы аспартатами нотрансферазаны анықтау	жылына 1 рет	
					Ішперде ағзаларының УДЗ	жылына 1 рет	
					Кеуде қуысы ағзаларының рентгені	жылына 1 рет	
4	Лимфоидты, гемопозтикалық және онымен байланысты тіндердің қатерлі ісіктері (C81-96)	жылына 1 рет	жылына 1 рет	1-2 жыл - 3 айда 1 рет, 3-5 жылда - 6 айда 1 рет, кейін жылына 1 рет онкологпен	Жалпы қан талдауы 34 параметр	жылына 2 рет	Өмір бойы
